# Мұнайлы өлке

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

№09 (131), қазан, 2020 жыл


# ПРАЙМЕРИЗ – ЖАҢА ЗАМАН БАСТАУЫ




*«Партиялық тізімдерге халықтың әртүрлі бөлігінің өкілдері, беделді, азаматтардың сеніміне ие болған отандастарымыз кіруі тиіс. Әлеуметтік партиялық лифтті қамтамасыз ету –партиямыз үшін басты міндеттердің бірі. Сондықтан партия мүшелерімен қатар қоғам өміріне бей-жай қарамайтын, дарынды да креативті барша қазақстандықты алдағы праймеризге белсенді қатысуға шақырамыз».*

*Елбасы, Партия төрағасы Н.Ә.Назарбаев*






**Қоғам дамуы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен қатар, саяси арнада да жаңа қадамдардың жасалғанын, жаңа технологиялар мен тәсілдердің айналымға енгенін қажет етеді. Бүгінгі қоғамның басты талабы ашықтық пен теңдік болса, батыс елдерінің сайлау тәжірибесінде жүйелі түрде қолданылып келе жатқан партиялық праймериз ұғымы осы сұраныстардың жауабы.**

Праймериз – АҚШ саясаткерлерінен бастау алған, партия белсенділерін ашық әрі әділ таңдау тәсілі. Қазақ тіліндегі мағынасы – «іріктеу», «алдын-ала сайлау» немесе «алдын-ала дауыс беру» деген ұғымды білдіреді. Мақсаты – нақты саяси бәсекелестік негізінде ашық ойлы, әлеуметтік мәселелерді шешуге деген құлшынысы мен қабілеті бар мықты лидерлерді анықтау. Бұл, бір жағынан партияның өз ішіндегі мықтыларын іріктеуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан партиямен ниеттес қоғам белсенділерін партия қатарына тартудың бірден-бір құралы.

Праймериз туралы Елбасы, «Nur Otan» партиясының төрағасы Н.Назарбаев үстіміздегі жылы наурыз айында өткен партияның Саяси кеңесі бюросының отырысында «Бұл партия атынан мәселелерді шешетін ең белсенді және сенімді мүшелерді анықтауға мүмкіндік беретін дұрыс шешім деп санаймын» деген болатын. Осылайша халықаралық тәжірибе мойындалған партияішілік іріктеу тәсілін елімізде алғашқылардың бірі болып «Nur Otan» партиясы қолданысқа енгізді.

4-қазан күні Праймеризге қатысушылар мәре сызығына келіп жетті. Екі жарым айға жуық уақытқа созылған саяси додаға республика бойынша 10 990 кандидат қатысса, Маңғыстау облысынан 330 кандидат бақ сынасты. Олардың ішінде өзіміздің әріптестеріміз Маңғыстау ауданы атынан шыққан «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығы Н.Сәрсенбай, жас геолог Е.Ещанов, мұнайшы-инженер Ж.Ешманов, Бейнеу ауданынан азаматтық қорғаныс жөніндегі маман Р.Түзелов, Қарақия ауданынан «Жетібаймұнайгаз» ӨБ бастығының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Б.Дусупов, қолданыстағы бұйымдарды прокаттау-жөндеу цехының басшысы Ж.Нығыметов, Ақтау қаласынан жұртшылықпен байланыс жөніндегі маман Ғ.Әбдісадық бар.




Жалпы көрсеткіш жаман емес. Компаниядан шыққан кандидаттардың бәрі де Праймеризднің келесі кезеңі – партиялық тізім жасақтау сатысына жіберілді. Демек, мұнайшыдан шыққан қоғам белсенділері түрлі деңгейдегі маслихаттар мен ҚР мәжілісіне депутат ретінде қарастырылатын болады.

Қадірлі әріптестер! Баршамыздан тыңғылықты дайындық пен қажырлы еңбекті талап еткен «Праймериз» елімізде тұңғыш рет өтіп жатырған шара ретінде қай-қайсымыз үшін де жаңалық болғаны сөзсіз. Соның ішінде, саяси өмір жолына жаңа келіп жатқан өзім секілді жастарға мықты мектеп, зор тәжірибе болды деп білемін. Праймеризднің әрбір сатысы өзімізді жаңа қырымыздан ашуға, діттеген мақсатымызға қол жеткізу үшін қандай дағды мен қасиеттердің болуы керек екендігіне көз жеткізуге мүмкіндік берді.

Осы орайда, өзімді қолдап дауыстарын берген барша замандастарыма алғысымды айтамын. Сіз артқан сенім мен үшін аманат. Аманатқа қиянат жоқ деп тәрбиеленген халықтың ұрпағымыз ғой, алдағы іріктеуден де сүрінбей өтіп жатсам, сенімдеріңізден шығуға тырысып, адал еңбекті ту еткелі отырмын.

**Ғ.Ғ.Әбдісадық**



*Социальная политика*

# КАЗМУНАЙГАЗ ПОМОГАЕТ РЕГИОНАМ




Все нефтедобывающие компании по своим контрактным обязательствам обязаны выделять денежные средства на социальную поддержку населения регионов. На что идут эти средства, решают местные акиматы. В 2019 году все компании, входящие в нацкомпанию «КазМунайГаз», выделили 7,6 миллиарда тенге на социальное развитие регионов производственного присутствия. Об этом говорится в опубликованном отчете об устойчивом развитии компании.

АО «Озенмунайгаз» выделило 1,2 миллиарда тенге в фонд социальных программ на развитие инфраструктуры Мангистауской области.

АО «Эмбамунайгаз» выделило в 2019 году на строительство средней школы на 424 места в селе Мукыр Кызылкогинского района Атырауской области более 131 миллиона тенге.

АО «Мангистаумунайгаз» оказало финансовую поддержку социально-экономическому развитию региона и развитию инфраструктуры Мангистауской области на сумму 3,4 миллиарда тенге.

ТОО МНК «КазМунайТениз» сделало вклад в финансирование реконструкции автодороги «Ата-жолы» в Мангистауской области на сумму 388 миллионов тенге.

ТОО «Павлодарский нефтехимический завод» поддержало отдельные виды спорта и спортивные мероприятия в городе Павлодаре на сумму 447 миллионов тенге.

ТОО СП «Казгермунай» выделило средства в размере 1 465 миллионов тенге на строительство Центра обслуживания молодежи в городе Кызылорда, вклад засчитан по социально-экономическому развитию за период 2018–2019 годов.

ТОО «Казахойл Актобе» выделило 120 миллионов тенге на развитие региона и инфраструктуры в Актюбинской области.

Кроме того, за 2019 год в рамках поручений Правительства РК было выделено 22,8 миллиарда тенге на развитие инфраструктуры города Туркестана – на строительства стадиона, конгресс-холла и амфитеатра на 1000 мест. В том числе «КазМунайГаз» выделил 14 миллиардов тенге, «КазТрансГаз» – 5,7 миллиарда тенге, «КазТрансОйл» – 2,2 миллиарда тенге.

*Полезный опыт*

# ГЕОЛОГИ ОБУЧАЮТСЯ ОНЛАЙН

**С 22 по 25 сентября стартовал 1-й модуль программы обучения «Главный геолог» в онлайн формате, состоящий из 6-ти модулей. Данная программа была разработана ТОО «Қара Алтын» совместно с ТОО «КМГ Инжиниринг» под руководством АО «НК «КазМунайГаз».**



Модульную программу открыл заместитель председателя Правления АО «НК «КазМунайГаз» по разведке и добыче Жакып Марабаев, который пожелал всем участникам плодотворного обучения.

Программа «Главный геолог» направлена на развитие технических компетенций ведущих специалистов-геологов, а также на поиск альтернативных решений существующих геологических проблем месторождений компании.

Участниками обучения стали 24 специалиста из разных нефтяных компаний страны, в том числе и работники АО «Мангистаумунайгаз»: заместитель начальника ЦДНГ-1 ПУ «Жетыбаймунайгаз» Байсары Дуйсенбаев, заместитель начальника отдела геологии и анализа разработки месторождения ПУ «Каламкасмунайгаз» Жанибек Мухан и руководитель группы месторождения Каламкас отдела планирования ГТМ департамента геологии и разработки месторождений Азамат Мусин.

- Программа обучения была очень интересной, тренера - высококвалифицированными специалистами, объясняли все доступно как в теории, так и практике, - делится впечатлениями Азамат Мусин. – Все участники были разделены на несколько групп, далее в конце дня данным группам предстояло решить задачи по пройденным темам обучения. Кроме того, как в начале программы, так и в конце необходимо было сдать тест по курсу обучения. В ходе учебы удалось познакомиться с коллегами-геологами из других компаний, обменяться опытом и знаниями. Немного непривычно было обучаться в онлайн-формате, но организаторы очень постарались, чтобы все было понятно и доступно, спасибо им за это.

Остается добавить, что в рамках обучения участники смогли усовершенствовать знания не только в области геологии, разработки, бурения, обустройства месторождений, но и развить свои лидерские качества. Практической ценностью программы «Главный геолог» является разработка участниками проектных работ с дальнейшим внедрением их на производстве.

*Наша безопасность*

## Личная Приверженность Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз» в области безопасности и охраны труда, промышленной безопасности и безопасности движения на 2020 год

Я, Лю Цзиньчэн как показатель своей приверженности по вопросам безопасности и охраны труда, промышленной безопасности и безопасности движения беру на себя обязательства по выполнению следующих мероприятий личного плана и ознакомлению своих работников с данным планом.

В рамках своего плана обязуюсь:

Поощрять работников, демонстрирующих отличные показатели по безопасности и охране труда;

Сводить к минимуму вероятность возникновения травматизма и чрезвычайных ситуаций;

Осуществлять контроль внедрения корпоративных стандартов и практик КМГ в области безопасности и охраны труда, промышленной безопасности и безопасности движения;

Поддерживать специалистов в области безопасности и охраны труда в их инициативах и возникающих вопросах;

Ежеквартально проводить совещания по результатам работы в области безопасности и охраны труда, промышленной безопасности и безопасности движения;

Пройти обучение по безопасности и охране труда для руководителей.

**Генеральный директор**
**АО «Мангистаумунайгаз»** **Лю Цзиньчэн**

* * *

## Личная приверженность Первого заместителя Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз» в области безопасности и охраны труда, промышленной безопасности и безопасности движения на 2020 год

Я, Измуханов Калбай Ажимбаевич, как показатель своей приверженности по вопросам безопасности и охраны труда, промышленной безопасности и безопасности движения беру на себя обязательства по выполнению следующих мероприятий личного плана и ознакомлению своих работников с данным планом.

В рамках своего плана обязуюсь:

Поощрять работников, демонстрирующих отличные показатели по безопасности и охране труда;

Сводить к минимуму вероятность возникновения травматизма и чрезвычайных ситуаций;

Осуществлять контроль внедрения корпоративных стандартов и практик КМГ в области безопасности и охраны труда, промышленной безопасности и безопасности движения;

Поддерживать специалистов в области безопасности и охраны труда в их инициативах и возникающих вопросах;

Ежеквартально проводить совещания по результатам работы в области безопасности и охраны труда, промышленной безопасности и безопасности движения;

Пройти обучение по безопасности и охране труда для руководителей.

**Первый заместитель**
**Генерального директора**
**АО «Мангистаумунайгаз»** **Измуханов К.А.**

*1 ҚАЗАН - ҚАРТТАР КҮНІ*

# ҚАРТТАРЫМ - ҚАЗЫНАМ



1990 жылы желтоқсан айының он төртінші жұлдызында Бас Ассамблея 1 қазанды «Халықаралық қарттар күні» деп жариялаған болатын. Үлкенді құрметтеу және үлгі тұту, ардагерлердің сіңірген еңбектерін, мемлекеттің дамуына қосқан көптеген үлестерін мойындау белгісі ретінде Қазақстанда жыл сайын 1-қазан күні Халықаралық қарттар күні аталып өтуде.

Қазақта «жас кезімде бейнет бер, картайғанда зейнет бер» деген өнегелі сөз бар. Алмағайып алмасқан алуан кезеңде мұнайлы өлкеде талай мұнайшы табанының табы қалды. Жасында ерінбей еңбек етіп, өндірісті өрге сүйреген, ел экономикасының дамуына жастық жылдарын арнаған ардагер мұнайшыларсыз бүгінгі тасы өрге өрмелеген компанияның өткен тарихын елестету мүмкін емес. Біздің ардагерлер - өмірлік тәжірибе, тәлім-тағылым, қазыналы түбектің облыстың өсіп-өркендеуіне қосқан үлес, орасан зор еңбек. Мыңдаған ізбасар! Еңбектерінің зейнетін көріп отырған қазіргі шақта да олар ұрпаққа игілік пен ізгіліктің, пайым-парасаттың үлгісін танытудан жалыққан емес.

Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Бүгінгі таңда 1512 ардагер мұнайшы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының есебінде тұрады, тұрақты қамқорлықта. Оларға әлеуметтік көмек компанияның әлеуметтік саясатының басты бағыттарының бірі. Атап айтқанда, Қоғам есебіндегі 1 513 зейнеткерге ай сайын 2 АЕК (5650 тг.), 8 наурыз мейрамында зейнеткер аналарымызға 30 000 тнг., «70-80-90 жас мерейтой иелеріне» 50 АЕК (138 900 тг.), зейнеткер күтіміндегі балаларға (15 балаға) 30 000 тнг., мұнайшылар күніне 55 650 тнг., тыл ардагерлеріне (55 адамға) 90 АЕК (232 000 тг.) тұрақты беріліп келеді. Бұл қолдау экономикалық дағдарыс кезінде де еш үзілген емес.



Ұрпақтар сабақтастығының сақталғандығының бір көрінісі - компанияның «Қартқа құрмет - жасқа міндет» атты тұрақты қайырымдылық акциясы. Қаржылай, рухани қолдауды көздейтін аталмыш акция жастар тәрбиесіндегі елеулі жоба. Ардагерлерімізді ардақтау – басты мұратымыз болып қала бермек.

*Общество*

# В АКТАУ ОТКРЫЛАСЬ АЛЛЕЯ ГЕОЛОГОВ



В Актау к 57-летию города впервые открылась аллея в честь геологов, принимающих участие в освоении полезных ископаемых страны. В церемонии открытия приняли участие заместитель акима области Галымжан Ниязов, аким города Нурдаулет Килыбай, ветераны-геологи, президент казахстанского общества нефтяников-геологов Балтабек Куандыков и специально прибывшая из Темиртау делегация во главе с акимом поселка Актау Алтынбеком Есмурзаевым.

Делегация прибывшая из Темиртау поздравила горожан с 57-летием города.

«Мы приехали по приглашению Нурдаулет Игиликовича. Сегодня особенный день. Встреча двух акимов Актау. В дальнейшем мы будем тесно сотрудничать. Сегодня мы подписываем меморандум о сотрудничестве между двумя регионами в целях установления торговых и экономических отношений, реализации совместных проектов в сфере образования, культуры, здравоохранения. Пусть крепнет наше единство", - сказал Алтынбек Есмурзаев.

Здесь изображены композиции буровой установки, атрибуты геологов: молоток и найденный камень. Также на специальной доске указан список месторождений, открытых в Мангистау, и имена известных геологоразведчиков. Автором аллеи выступил ветеран Бейсенбай Бисенгалиев, а строительные работы взяли под свою ответственность сотрудники казахстанского общества нефтяников-геологов и регионального филиала.

Выступивший с поздравительной речью заместитель акима области Галымжан Ниязов отметил неоценимый труд геологов в освоении полезных ископаемых и озвучил поздравление акима области: «Более 90% месторождений, открытых в Мангистау, осваиваются недропользователями. В регионе производится добыча углеводородного сырья, твердых полезных ископаемых, добывается 25% казахстанской нефти. Функционируют более 20 нефтесервисных компаний и 25 нефтедобывающих предприятий. В открытии и освоении указанных месторождений непосредственно принимали участие эти разведчики. Поэтому мы должны отметить особую роль и значимость труда геологов и нефтяников, которые вносят вклад в развитие экономики не только в Мангистауской области, но и в республике в целом. Думаю, что аллея, открытая в честь представителей этой благородной профессии, в дальнейшем станет излюбленным местом отдыха горожан».

В конце мероприятия, собравшиеся стали свидетелями заложения фундамента аллеи строителей. В ближайшее время этот объект появится в 12-м микрорайоне города.



1 ҚАЗАН - ҚАРТТАР КҮНІ

# ЕҢБЕК ТҮБІ – ЗЕЙНЕТ




**Әр сурет – бір тарих. Әр сурет – келмеске кеткен күндердің ескірмейтін естелігі, мәңгілік мезет. Әр сурет – мазмұнына қарай құнды, құндылығына байланысты өміршең!.. Фототілші қорында сақтаулы жатқан бұл суреттердегі мұнай саласы табалдырығын имене аттаған қыз-жігіттердің бүгінде самайын қырау шалған. Әрқайсысының өмірбаяны – тағылымды шежіре! Сол тағылымнан сыр шертететін топтаманы атаулы күнге орай назарларыңызға ұсынамыз!**

## МЕРСАДЫҚ МАХМУДИНОВ



Маңғыстау мұнайын игеруде өзінің ұзақ жылғы ерен еңбегімен зор үлесін қосып, ел байлығын еселеу жолында аянбай еңбек етіп, түбектің қара алтынын қазған барлаушы-мұнайшылардың жағдайын жасауға, олардың жайлы қонысы, тамақтанатын жерін, жұмыстан кейін демалатын клубтары, сырқаттанғанда емделетін емханаларының болуы үшін түрлі әлеуметтік-мәдени ғимараттар салып, мұнай өндірісіне қарасты құрылыс саласына жарты ғасырға жуық ғұмырын арнаған ардагер аға Мерсадық Махмудинов бүгінде құрметті еңбек демалысында, сол адал еңбегінің зейнетін көруде. Осындай ардақты ақсақалдың өнегеге толы өмірінен кейінгі жастар ғибрат алып, Отаны, халқының игілігі үшін еселі еңбек етуге талпынса деген ізгі ниетпен Мерсадық аға туралы әңгімелеуді жөн көрдік.

Кішкентайынан анасының аялы алақанының жылуын сезінуді тағдыры маңдайына жазбаған үш жасар сәби Мерсадық, араға үш жыл салып асқар тауы әкесінен де айырылды. Өзі туып-өскен Гурьев облысының Теңіз ауданындағы Ганюшкин селосында С.М.Киров атындағы мектептің бірінші сыныбына барғаны есінде. Одан кейін қатал тағдырдың тәлкегіне ұшыраған соң оқи алмай, бұғанасы қатпай жатып, еңбекке ерте араласты. Ержеткенше көп қиыншылық көрген оны өмір ерте есейтті. Өзі туған ауылында жүріп жастығына қарамастан егін де егіп, балық та аулап, үй де салып небір ауыр тауқыметті шаруаның соңында жүрді. Қаршадайынан ауыр еңбекпен шыңдалып, болаттай шыныққан жас жігіт Мерсадық өмірлік несібе болатын мамандықтың иесі атанып, мәнді де мазмұнды өмір сүруге белді бекем буды. Өз бақытын адал еңбекпен табуды мақсат тұтқан ол алыстағы Маңғыстауға жолға шықты. Бұл 1956 жылдың жазы болатын.

Форт-Шевченко қаласындағы геофизика кеңсесінің құрылыс-монтаж учаскесіне тас қалаушы болып жұмысқа орналасқан Мерсадық еңбекқорлығымен назарға ілінді. Техника дегеннің атымен жоқ кезі, саз балшық та қолмен езіледі, құрылыс материалдарын жоғарыға көтеретін қазіргі кран сынды құрылғы да жоқ, барлық қара жұмыс құрылысшылардың қол күшімен атқарылатын. Бір жылдан кейін Форт-Шевченкода дербес құрылыс-монтаж басқармасы құрылған кезде талапты жас құрылысшы ең жоғарғы санатты тас қалаушы атанды. Бригадирлікті тапсырды, оны да абыройлы атқарды. Басқармада аттай алты жыл абыройлы еңбек етіп, Жетібай мұнай барлау экспедициясының құрылыс учаскесіне ауысты. Кенттің жаңа құрыла бастаған шағы. Баспананың сиқы – жертөлелер. Барша барлаушылар, мұнайшылар осында тұрады. Ол кезде балашағалы болған Мерсадық та жанұясымен жертөлені паналай жүріп, Жетібайдағы жұмысшылар кентінің біраз әлеуметтік нысандарын - ауруханалар мен жатақханаларды, тұрғын үйлер мен сауда орталықтарын салуға белсене атсалысты.

Еңбекқор, тындырымды, тәжірибелі маман барлық жерге де қажет екені бесенеден белгілі. Өзен жерінде қара алтынның селі тасып, кенорындары аса бір тез қарқынмен игеріле бастаған шақта, 1971-1978 жылдар аралығында Мерсадық ағаны «Өзенмұнайгаз» өндірістік бірлестігінің құрылыс-монтаж басқармасына жұмысқа шақыртады. Мұнайшылар қаласында өз бригадасымен ол мұнай кеніштерін монтаждау, тұрғын-үй нысандарының, мәдени-тұрмыстық және өндірістік нысандар құрылысын салу сияқты сан алуан абыройлы істерді атқарды. Жаңаөзен қаласының шығыс бағытындағы екі қабатты үйлерді өз қолымен салған Мерсадық ағаның сол үйлерде қолдарының іздері қалды...

Ерен еңбегімен көзге түскен М.Махмудиновты 1976 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігіне қарасты №3 жылжымалы механикаландырылған колоннаға бригадир лауазымына ауыстырып, сол жерде ол өзінің мәртебелі құрылысшылық еңбек жолын жалғады. Одан кейін 1979 жылдан бастап, 1980-1981 жылдарда Бозашы құрылыс-монтаж басқармасына ауысып, сол жерде Қаламқас кенорынындағы мұнайшыларға арналған әлеуметтік нысандардың құрылысын көтереді. Қаламқас қалашығында қолтаңбасын қалдырады.

М.Махмудинов басқарған кешенді бригаданың құрылысшылары салған тағы бір нысан - мұнайшылардың балаларының жазғы демалысына арналған қазіргі «Алау» лагері. 170 құрылысшыдан тұратын ұжым салған бұл кешен үлкен бір қалашық болды. Бұдан кейін тәжірибелі бригадир М.Махмудиновтың басқаруындағы құрылысшылар бригадасы облыс орталығының 22-ші шағын ауданындағы бес қабатты №7 үйді салып, тұрғындардың игілігіне ұсынды. Ақтау қаласындағы «Мұнайшы» спорттық-сауықтыру кешенінің де құрылысын жүргізген Мерсадық аға бастаған құрылысшылар бригадасы болатын.

Айта берсек санына жете алмастай болған сан алуан нысанның құрылысын жүргізіп, оларды халықтың пайдалануына тапсыратын тәжірибелі маман, білгір басшы бола білген М.Махмудиновтың ел байлығын еселеу жолындағы адал еңбегі елеусіз қалған жоқ. 1985 жылы Мерсадық аға өзі сияқты құрылысшылармен ұзақ жылғы абыройлы, адал еңбектері үшін Европа елдеріне саяхат жолдамасымен марапатталып, бір ай бойына су жолымен Англия, Франция, Швеция, Финляндия, Норвегия, Дания елдерін аралап, ел көріп, жер көріп қайту мүмкіншілігіне ие болды.

Тынымсыз еткен мерейлі еңбек өз нәтижесін беретіні сөзсіз. М.Махмудиновтың 47 жыл бойына жасаған еңселі еңбегі үшін ол «Құрмет белгісі», үшінші дәрежелі «Даңқ» ордендері мен «Еңбектегі ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталып, «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігінің «Еңбек ардагері» атағы берілді. Майталман құрылысшының кеудесінде «Ұлы Отан соғысына 65 жыл» медалі, «Қазақстан мұнайына 100 жыл», «Маңғыстау мұнайына 50 жыл» мерейтойлық төсбелгілері жарқырайды. IX, X, XI және XII бесжылдықтарының және социалистік жарыстардың жеңімпазы деген атақтар да өмірбаянының бір тарихи сәттерінен, көне күндерден естелік. Сонымен қатар Мерсадық аға Маңғыстау облысының еңбегі сіңген дербес зейнеткері атағының иесі.

Өзі басқарған ұжымда жас жұмысшылардың құрылыста мол тәжірибе жинақтап, жақсы маман болып қалыптасуы жолында бар күш-жігерін аямаған ағаның тәлімгерлік өнегесі де мол болды. Ол баулыған жастар бұл күндері атышулы маман, өздері де шеберліктері шыңдалған тәлімгерлерге айналды.

Қазір 85 жастағы Мерсадық аға балашағасынан өрбіген ұрпақтың қызығын көріп, шөберенің қолынан су ішіп отыр. Балаларына саналы тәрбие мен жақсы білім беріп, немере-шөберелерін де ізгілік, адамгершілікке баулыған қарияға ұзақ ғұмыр, мықты денаулық, биік абырой мен асқақ мерей тілейміз.

## АҒОЙ РАУШАНОВ



Еліміздің экономикасын көтерген мұнай өндірісінің қадау-қадау оқиғаларына куә болып, осы салада өлшеусіз еңбек еткен ардагер мұнайшыларымыздың бірі - Ағой Раушанов.

1948 жылы Ақтөбе облысы, Байғанин ауданында дүниеге келіп, атақұлдікке оралған бала Ағой 1957-1961 жылдары Шағырлы-Шөмішті өңірінде алғашқы мұнай-газ іздеген бұрғышыларды көріп өседі. Жас бозбала 1966 жылы Алматы қаласындағы қазіргі Қаныш Сәтпаев атындағы ұлттық техникалық университеттің студенті атанады. 1968-1970 жылдары жаз айларында Маңғыстау өңіріндегі Жетібай, Өзен бұрғылау қондырғыларында бұрғышының көмекшісі бұрғышы болып тәжірибеден өтті. Оқуын бітіре салысымен, 1971 жылы жолдамамен Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасына жұмысқа келген оны сол кездегі басқарма бастығы Нәсіпқали Марабаев қабылдады. Ағой аға білікті басшының жеке қабылдауында болып, батасын алғандығын, құрыштай қайнаған алпауыт өндіріспен біте қайнасқан еңбек жолын күні кешегідей есіне алды:

- Ағой, қандай өтініштерің бар, - деп сұраған басшыдан мені барлау-бұрғылау қондырғыларында қызмет жасауға жіберуді өтінген едім. Сонда Нәсіпқали Марабаев маған: «Ағой, сен мына өндірістің ұйымдастырылуын, технологиясын тез арада үйренуің үшін пайдалану-бұрғылау қондырғыларында қызмет жасауың керек. Себебі кезкелген технологиялық-өндірістік процестер бір айдың ішінде екі, кей кезде үш рет қайталанып отырады. Сонда сен тез үйренесің, тез білікті маман болып шығасың, - деді. Мен келісе кеттім.

Содан бастап бұрғышының көмекшісі, бұрғылау мастері болып қызметтер атқарған ол «мен ана қызметке барғым келеді» деп өтініш жазбаған екен. Қай жерде өндіріске керегірек, алымды маманды сол жерге жолбасшы құсатып алға салатын. Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасында технолог, ауысым бастығы, аумақтық кейін орталық технологиялық қызметтердің бастығы, бұрғылау басқармасындағы өндіріс бөлімінің жетекшілігі... Сенім артқан адамдардың, ұжымның назарында қалған жері жоқ. Талай қиын да қызықты күндер арттағы өмірдің сүрлеуінде қимас естелік болып жатыр.

-1986 жылдың қазан айы еді, - дейді Ағой ағамыз. Бұрғылау басқармасы өмірде болмаған рекорд жасады. 46 мың метр тау жыныстары қазылып, айлық тапсырма 165 пайызға артығымен орындалды. Әлі есімде, 13 қараша күні «Огни Мангышлака» газетінен С.Сусликовтың авторлығымен Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасындағы бұрғылау мастерлерінің «Біздерді бұрғышы қылып ауыстырыңыздар» - деген арызы шықты. Бұл біз үшін ашық күні төбеден жай түскендей болды. Сол күні біздің басшы Қойшыбай Үсеновті қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Нұрлыхан Бекбосынов өзіне шақырды. Басшымның ұсынысымен мен де еріп бардым. Содан тапсырма алдық «комиссия құру керек, бұрғылау мастерлері бұлай деп неге жазды?». Мәселені егжей-тегжейлі зерттеу тапсырмасы берілді. Не керек, комиссияға мүше болып қалалық партия комитетінің өндіріс бөлімшесінің инструкторы Машинист Әбілханов, қалалық атқару комитеті басшысының орынбасары Борис Чердабаев, Өзен бұрғылау басқармасынан мен кірдім. Сонымен бүкіл жұмыс менің мойныма ілінді. Қараша-желтоқсан айларында мен бүкіл бригадаларды аралып, әр бұрғышымен, бұрғылау мастерімен жеке-жеке кездесіп, олардың пікірлерін білдім. Бәрін қағаз бетіне түсірдік. Сонымен не керек, 1987 жылдың қаңтарында іріктеле келіп барлығы 63 сұрақ шықты. Соның біреуі сол уақыттағы Одақтық мұнай Министрлігіне, екі сұрақ «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігіне тиесілі болды, қалған 60 сұрақ Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасы мен басқарманың тікелей тапсырыс берушісі «Өзенмұнайгаз» өндірістік басқармасының арасында шешілуі тиіс мәселе еді. Соны біз Нұрлыхан Өтеуұлы Бекбосыновқа айтқанда ол кісі қарсы болды. Бүкіл шешілмей жатқан сұрақтарды «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігі арқылы шешкісі келді. Мен оған қарсы болдым. Себебі іріктелгендері кәдімгі тайға таңба басқандай сұрақтар еді. «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігіне бұрғылау қондырғыларын қазуға ыссы суды тоқтатып, салқын су беру мен скважиналарды су құбырларымен жабдықтау мәселесі тиесілі болатын. Не керек, мен сол айтқан ұсынысымнан таймадым. Барлығын диаграммалап, кестеге түсірдік. Бұл сұрақ 8-ақпан күні Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасы парткомның кеңейтілген мәжілісінде қаралды. Бұл мәжіліске обкомның өндіріс жөніндегі хатшысы Н. Марабаев, өндірістік бөлімінің нұсқаушылары, «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігі, КазНИПИ басшылары, Партия комитеті бөлімдерінің басшылары, біздің мекеменің мамандары, басшылары қатынасты. Сонымен баяндамашы мен болдым. Үлкен пікірталас болды. Айтқандай-ақ, менің көтерген ұсыныстарым дұрыс болып, солай қабылданды. Не керек жиын біткеннен кейін мекеме басшысы Үсенов Қойшыбай шындықты жалаулатқан маған: «Ағой, сен өзіңнің карьераңа балта шаптың,- деп кесіп айтты.

Шынында да шындық жеңді. 1987 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігіне бас директор болып тағайындалған Нұрлыхан Бекбосыновтың шақыртуымен Ағой Раушанов 1988 жылдың 1 қаңтарынан бастап өндірісі құлдырап кеткен Жетібай бұрғылау өндіру басқармасына бас инженер болып тағайындалды. Басқарма екі айдың ішінде ұйымдастыру шараларын алып, белгіленген жоспарды жартыжылдықтың есебімен орындап шықты. Керемет жетістіктер жүзеге асып жатты. Бұл жұмыс барысында кездескен қиындықтардан ширап, шыңдалған кездер еді. Артқан үміттің ақталғандығы болар, 1991 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігінің бұрғылау бөлімін басқару жүктеліп, 1993 жылға дейін жасаған жылдар ішінде азаматтың жақсы атағы қалды.

Бірлестіктің жаңа басшысы Ляззат Қиынов та білікті де білімді басшыны Өзенге жұмсады. Бұрғылау басқармасының тізгінін ұстатты. Ол кез Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасының құлдырап қалған кезі еді. Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасында еңбек өнімділігі қалған екі басқармалардан екі есе, жұмысшыларының айлығы межелі техникалық қызмет айлығынан 1,75-1,80 есе төмен болды. Жағдайды әбден екшеген жаңа басшы «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігі басшылығы алдында алғашқы бір айда жоспар орындалмаса да халыққа қосалқы жалақы төлеуге рұқсат алды. Тәуекел түбі жел қайық дейме? Көңіл күпті! Жұмысшылардың көңіл-күйінің көтерілгені, жетекшіге сенгені соншалық, сол ай жарымда бәрі орынына келіп, үлкен жетістіктерге қол жетті.

1994 жылдың қаңтарында «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігінің бас директоры болып тағайындалған Нәсіпқали Марабаев сол жылдың 14 наурызында Ағой Раушановты өзіне орынбасарлыққа шақырды. Бұл «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігіне қайта оралған жылдары еді.

- Бас директордың орынын 1995 жылы Меңдеш Салихов ауыстырды, -деп Ағой аға әңгімесін онан әрі өрбітті. - Өте қиын уақыт, айлық бере алмадық, кілең жатқан бартер, тамақты да бартермен бердік. Осындай жағдайлардың үстінде бір күні мен Меңдеш Халелұлына ұсыныспен шықтым. Өндірістің ұйымдастырылу құрылымын өзгертіп, мұнай қоры фондтарын сауықтыру үшін жер асты жөндеу цехтарын НГДУ-дан шығарып, сервистік компанияларға беру керектігін ұсындым. Басқа амал жоқ еді. Экономикадағы қиыншылық өос өкпеден қысты. Бұл сол қиындықтан шығудың бір жолы еді. Не керек, бұған мұнайшылар түбегейлі қарсы болды, тіпті кей кездері маған сәлемдеспеген уақыттар болды. Баламалы шешім қабылданды - жерасты жөндеу Қаламқастан шығарылып сервистік компанияға берілді. Ал, Жетібайды салыстыру үшін қалдырдық. Бірақ, уақыттың талабы бұл ұсыныстың дұрыс екенін көрсетті.

Ақыры 1998 жылы Жетібайдан да жерасты жөндеу цехы бөлініп шықты. Шындығында жасалған істер өте көп, біздің кейіпкеріміздің бас директордың бұрғылау-жөндеу жөніндегі орынбасары, вице президенті ретінде бастаған ісі әлі де өз жемісін беруде. 2005 жылы «Ойлсервискомпани» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тұралап қалған өндірісін жүргізу тағы да Ағой Раушановқа тапсырылды. Бас инженер болып серіктестікке келгенде бұрғылау бір айға кейін еді. Қыркүйек айына дейін қалып келе жатқан жоспарды теңестірді. Жылдың аяғында келесі жылдың есебінен ұңғыларды алып, қазба жұмыстары басталып кетті. Қандай тезге салса да шашасына шаң жұқтырмай шығатын іскерлік қасиеті мұнда да өндірісті өрге сүйреді.

Компанияда жеті жылға жуық еңбек етіп, сол ортадан зейнеткерлікке шыққан Ағой ағамыз әлі де қызметтен қол үзбеген екен. 2012 жылдан бері Қазақстан қолданбалы экология агенттігінде жерасты суын тексеру-зерттеу бөлімінің бастығы болып еңбек етіп жүр. Жұмыстың арасында бригадасымен облыстың мал шаруашылығы қызметкерлерің, жеке шаруашылықтарды құдық қазып, ауыз сумен қамтиды.

- 2015 жылдан бері күні бүгінге дейін 212 құдық қазып, пайдалануға бердік. Соның 65-і биыл қазылды. Ауылшаруашылық қызметкерлерінен алып жатқан алғысымыз ұшан теңіз, мүмкін деніміз сау, абыроймен жүргеніміз елдің алғысының арқасы болар,- деп әңгіменің түйінін түйді Ағой аға.

## РЫСХАН ОЗҒАНБАЕВА



Төгілген ащы тер мен адал еңбектің үлкен абыройға бөлейтінін мақалаға себеп болған ардагер мұнайшыларымыздың еңбек жолдарынан-ақ аңғарған боларсыздар. Келесі кейіпкеріміз де бойжете еңбекті ту етіп, ерлермен иық тіресе еңбек еткен жан, ата-анасынан дарыған әдептіліктің арқасында еңбекке ерекше құлшынысы артып, мұнай саласына бүткіл ғұмырын арнаған Рысхан Озғанбаева туралы.

Редакция тапсырмасы бойынша еңбек ардагері Гүларай Нұрағанова туралы жазуымыз керек болатын. Біздің бұйымтайымызға алғысын білдірген Гүларай апамыз:

- Еңбектен бақытын тапқан жан деп мен Рысхан Озғанбаеваны айтар едім, оның бойынан мұқалмас жігерді, таусылмас күш-қуат тасқынын, діттеген мақсатына жетпей қоймайтын алапат ынтаны көретінбіз, - деп әріптес болған кезін есіне алған ардагер мұнайшы мақаланы өндірісте жүріп, еңбектің ерен үлгісін паш еткен Рысхан Озғанбаева туралы жазуды өтінген еді. Екеуі де төлдей құрдас, биыл мерейлі 70 жаста, мұнай саласындағы еңбек өтілі де 40 жылдан асып жығылады. Апаның әріптеске деген сый-құрметін қабыл алдық.

Жас буынға адал еңбекпен жеткен бақыт кілтінің қаншалықты қымбат екенін түсіндіру керек болса, Рысхан апамыздың еңбек жолын межелеуге болғандай.

1950 жылы Форт-Шевченко қаласындағы қарапайым жұмысшы отбасында дүниеге келген Рысхан Озғанбаева бес баланың ортасында желкілдеп бойжетті. 1975 жылы Алматы қаласындағы В.И.Ленин атындағы политехникалық институтының мұнай факультетін «мұнай-газ кен орындарын игеру және пайдалану» мамандығы бойынша бітірген ол еңбек жолын "Мангышлакнефть" бірлестігінің "Жетыбайнефть" мұнай-газ өндіру басқармасындағы №1 мұнай-газ өндіру цехында мұнай және газ өндіру маманынан бастады.

Ісіне адал, көптің сүйіктісіне айнала білген еңбекқор жан табан аудармастан сол өндірісте 40 жылға жуық тер төкті. Тың идеялар мен ұсыныстардың қақ ортасынан табылды. Өндірістің еңбек майданында біте қайнап, өзіндік пікірімен, талабымен ерте көзге түсті. Оның үстіне саланың оқуын оқып, білікті маман ретінде танылა бастады.

- Өндірісте тәлімгер ағай-апайлардан мұнай өндірісінің қыр-сырын үйрендік. Әсіресе есімде Төлес Джанышев ағай фонтан скважинасының штуцерін ауыстыруды, топтық қондырғыдағы мұнайды айдап тұрған насостардың сальнигін ауыстырып салуды үйретті. Бүкіл өндірістің тыныс-тіршілігі, яғни істеп тұрған скважиналар мен пештер, қабатқа айдалып жатқан сулар, жөнделіп жатқан скважиналар, мұнай өнімінің барысы, оның өңделіп тапсырылуы жөніндегі ақпараттар, екі сағат сайын Бірлестікке хабарлама ретінде жіберіліп отыратын, - деп Рысхан апа өндірісті еске алды. - 1979 жылы ғылыми зерттеу өндірістік жұмыстары цехына инженерлік қызметке ауыстырылдым. Бұл цехта жұмыс істеу үшін көп ізденуіме, техникалық кітаптарды қайта оқуыма тура келді. Себебі білетінімнен білмейтінім көп еді. Бұл цехта марқұм Жақсылық Ұзақбаев ағайдың тәлімгерлігінің арқасында талай қиыншылықтан шыға білдім. Басшының жұмысын көрсетіп, алға жетелейтін қарауындағы адал жұмысшылары. Қол жеткен табысым, алған абыройым солардың арқасында.

Шынында да Рысхан Озғанбаеваның ғылыми зерттеу өндірістік жұмыстары цехының скважиналарды тереңдік зерттеу, тереңдіктен насоспен мұнай шығарып тұрған скважиналарды зерттеу лабораторияларында аға инженер, лаборатория басшылығының қызметін абыройлы атқарғандығын қызметтестері ерекше ілтипатпен еске алады.

Алымды да алғыр маман 1983 жылы №2 мұнай және газ игеру цехына геолог болып ауыстырылды. Ол кездері аға инженер Болат Бакиев, аға технолог Қуанбай Жарылғасовтың ерен еңбектерінің арқасында цех сол тұстағы тоқыраудан шыға білді. 1985-1986 жылдары Мәскеудегі Губкин атындағы институтта жарты жыл білімді жетілдіру курсынан өтіп біліктілігін арттыруы да өз жетістігін берді. Бітіргеннен кейін ғылыми зерттеу өндірістік жұмыстары цехында мұнай-газ кен орындарын игеру барысын зерттеу лабораториясына, 1987-1988 жылдары ҒЗӨЖ цехының басшысы болып жаңа сатыға көтерілді.

Рысхан апай «Басшы болу оңай емес екенін сол кезде шын сезіндім»,-деп еске алады. Өндірісті қажет құрал-жабдықтармен уақытылы сынақтан өткізіп, қамтамасыз етуден бастап мұнайшы қыз-келіншектердің отбасындағы жағдаймен санасу, балаларына балабақшадан орын тауып беруге дейінгі мәселелерді шешу оңай болмады. Социалистік жарыстан алған сыйлық ақыға жұмысшылардың келісімімен крандар алып орнатамыз деп, менің ағаттығым партбюрада талқыланған кездер де болды. Сүрініп жүріп, намысқа тырысып бірте-бірте үйрендік ғой.

Бұл Рысхан Озғанбаеваның ұжымды ұйытып, оны басқару ісіне төселе бастаған шағы болатын. Мұны айналасындағылар да тез қабылдап, мойынсұна бастады. Жан жақты жетілген кадр қай кезде де басшылықтың көз қырында жүреді емес пе?! 1991 жылы Рысхан апайды «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасындағы еңбек және еңбек ақы ұйымдастыру бөліміне басшы қылып тағайындайды. Осы қызметте жүргенде біршама жетістіктерге жеткен ұжымымен де мақтанып қалған апамыз скважиналарды жер асты жөндеу цехы жұмыстарының күнделікті есебін шығарып, еңбек ақысын есептеп отыратын бөлімнің аға инженері Балту Ахмедованың бастамасымен жер асты жөндеу бригадалары арасында ынталандыру жарысы өткізілгенін, нәтижесінде сапалы жөндеуден өткен скважиналар саны көбейгендігін есіне алды.

- 1998-2010 жылдар аралығында, зейнеткерлікке шыққанға дейін Қоғамдағы Адам ресурстарын ұйымдастыру басқармасында еңбек ұйымдастыру және нормалау жөніндегі жетекші инженер болып қызмет атқардым. Бұл кезең аралығында қанша мамандар тәрбиеленіп шықты. Бәрі көз алдымда қанаттанды. Ол мамандар қазір басшы қызметтерде, көріп көңіліме мақтаныш сезімі ұялайды. Ізімізді қуып келе жатқан жастарға ешқандай қиындыққа мойынсұнбай, ізденіп, еңбектеніп, технология жетістіктерін одан да ілгері дамытып алға ұмтылыңдар дегім келеді,-деп ардагер мұнайшы ақ тілекпен әңгімесін қорытты.

**Қымбатты, ардагерлер, сіздердің толайым еңбектеріңіздің, бай тәжірибелеріңіздің, дарқан даналықтарыңыз есебі жоқ байлық! Аман жүріңіздер!**

СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

*Праймериз - 2020*

# БАЙСАЛДЫ БӘСЕКЕ





«Nur Otan» партиясының Праймеризі партияішілік іріктеудің үлкен тарихи оқиға екенін көрсетті. Қоғамдағы озық ойлы, көзқарасы қалыптасқан, байыпты, азаматтық ұстанымы берік, осы елдің тағдырына жаны ашитын азаматтардың додаға қатысқанына, шараның қарқынды жүргізілгеніне куә болдық. Праймеризге қатысып жатқан азаматтарды партия науқаны барысында танып білдік. Саяси науқан алды үгіт насихат шарасы «Мұнайтелеком» компаниясында да өтіп, оған ЖШС бас директоры Ербол Мұқашев, Маңғыстау облысының Қоғамдық Кеңесінің мүшесі Аят Исатайұлы Сүгірбай, «Forte Bank» басшысы Аббат Өрісбай, «AQTAU» теле-арнасының басшысы Ануар Бимағанбет бастауыш партия мүшелерімен кездесті. Олар сайлауалды бағдарламаларымен таныстырып, ағымдағы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу жоспарлары туралы айтып өткен болатын Сонымен қатар кездесу барысында «Мұнайтелеком» ЖШС-нің бас директоры Ербол Мұқашевтың бағдарламасымен, алға қойған жоспарларымен таныстық. Онда дуалды білім беру, жас мамандарды еңбекпен қамтамасыз ету жағдайы туралы сөз қозғалды. Ербол Мырзабекұлы сайлаушылар мен партия мүшелерінің сұрақтарына жауап бере отырып, аймақтың өркендеуі үшін барлық күш-жігерін жұмсайтындығын баса айтты. Кездесудің компания бастауыш ұйымы мүшелерінің праймеризге жан-жақты білікпен келуіне зор ықпал еткенін айта кеткен жөн.

Қыркүйек айының 9-15 аралығында өткен саяси науқан қорытындысында кездесуге қатысқан азаматтардың барлығы да партияластарының сеніміне ие болғанына куә болып отырмыз. Сол қатарда «Мұнайтелеком» ЖШС директоры Е.Мұқашев та бар.

Біз Ербол Мырзабекұлының ұсынған бағдарламасына сенім білдіріп, алдағы саяси науқанда сәттілік тілейміз.

**«Мұнайтелеком» ЖШС**

*Үздік маман – 2020*

# ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ



Дәстүрлі кәсіби шеберлік конкурсы «Үздік маман – 2020» биыл «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС (бұдан әрі «ОТК») кадр құрамының еңбек уәждемесін қолдау, қызметкерлердің кәсіптерінің беделін күшейту және олардың кәсіби шеберлік деңгейін арттыру мақсатында конкурстың бірінші кезеңін өткізу туралы шешім қабылданған болатын. Конкурсты өткізу кезінде барлық қатысушы қызметкерлерге міндетті түрде сақталуы тиіс шаралар түсіндіріліп, коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды және әлеуметтік қашықтықты сақтау қажеттігі ескертілді. Қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында конкурсты ұйымдастыру шараларына көп қызметкерлер жұмылдырылған жоқ.

Жарыстың ашылу салтанатында «ОТК» ЖШС өндіріс жөніндегі орынбасары Бердіғали Сүгіров сөз алып, мұнай және газ саласы кешені қызметкерлер мерекесімен құттықтай отыра, байқаудың өткізу маңыздылығына тоқтала кетті.

«Кеңінен белең алған пандемия бүкіл әлем үшін ауыр сынаққа айналды. Өңірімізде вирустың жұғу қарқыны бәсеңдеп, карантиндік жағдай режимінің талаптары кезең – кезеңімен жеңілдетіліп, жұмыс қарқыны жандана бастады. Алайда, санитарлық нормаларды сақтай отыра, бұл байқауды өткізуге шешім қабылданған болатын. Бұл байқау әрине, жұмысшылардың шеберлігін шыңдауға көмектесетіні белгілі. Жұмыстың қыр-сырын меңгере отырып, жұмысшылар біліктілікті жетілдіруге, өз кәсібіне үлкен жауапкершілікпен қарауға ықпал етеді» - деді ол.





«Еліміздің басына түскен пандемия кезеңінде орын алған қиыншылықтарға қарамастан, ұйым қызметкерлерін өнімді жұмысқа ынталандыру, сол жұмыс әлеуетін сақтау да өте маңызды. Бұл бәсекеде қатысушылар бақ сынап қана қоймай, біліктілік деңгейін көтеруге мүмкіндік береді. Осы бәсекеде ең мықты да тәжірибелі қатысушы жеңіске жетеді деген сенімдеміз», - дейді «ОТК» ЖШС бас директорының персоналды басқару, еңбекақы төлеу және әлеуметтік саясат жөніндегі орынбасары Нұрлан Құрмашев.

Дәстүрлі сайысқа мекеме ішінен 8 қызметкер қатысты. Қатысушылар дене қызуы өлшеніп, медициналық тексерістен өтіп, денсаулық көрсеткіштері тексерілді. Ереже бойынша сайыс екі кезеңнен құралды. Бірінші кезең теориялық тесттен тұрса, екінші кезең тәжірибелік сайыспен аяқталды. Сайыс ұйымдастырылып отырған аумақтағы тұлғаларға еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, жол қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігін сақтау бойынша нұсқама жүргізілгеннен кейін қатысушылар теориялық тест тапсыру кезеңіне кірісіп кетті. Бірінші кезеңнен сүрінбей өткен қатысушылар партикалық кезеңге жолдама алды. Комиссия мүшелері ережелердің сақталуы мен талаптардың орындалуын мұқият қадағалап отырды. Практикалық кезеңде қиын бөгеттерден өту үшін әрі белгіленген уақытта аяқтау үшін қатысушыларға қиындық тудырды. Нәтижесінде жоғары дайындықпен ерекшеленген қатысушылар алға суырылып, қырағылық пен сақтықты көрсете алған МТКБ №2 автотізбек жүргізушісі Ислам Құлынтаев бірінші орынды жеңіп алды. Екінші орын иегері МТКБ №2 автотізбек жүргізушісі Қанат Рахимов атанса, үшінші орынға МТКБ №1 автотізбек жүргізушісі Досан Райсов жайғасты. Жарыс жеңімпаздарына диплом табыс етіліп, алдағы уақытта жаңа жеңістерге жетуіне тілектестік білдірді. Сонымен қатар ұйым қызметкерлеріне ҚР энергетика министрлігінен Мұнай және газ саласы кешені қызметкерлерінің күні мерекесіне орай кәсіби қызметте жеткен жоғары нәтижелері мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ осы салада ұзақ жылғы еңбектерімен, қол жеткізген жоғары көрсеткіштері үшін алғыс хаттар және құрмет грамоталары табысталды.

Бұл кәсіби мерекеде барша қызметкерлердің отбасыларына бақыт, дендеріне саулық және істеріне береке тілейміз! Байқауға қатысқан барлық қатысушылардың еңбектеріне табыс тілей отырып, алдағы уақытта жоғары жетістіктерге жете берулеріне тілек білдіреміз!

**«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС әкімшілігі**

*Еңбек адамы*

# КӨЗІН ТАПҚАН ТАБЫСТЫҢ



Ғарыштан түсетін метеориттер негізінен темірден тұрады екен. Сондықтан ерте заманда темірді аспан немесе жұлдыз тасы деп атаған. Сол аспан текті темірдің қасиетін танып, оны илеуіне көндіріп, түйін түйіп жүрген Әбілқайыр Алмажайұлы Жарылғас Маңғыстаудың ойындағы ең көркем жерлерінің бірі Шайыр ауылында туып өсіп, бақытын тапқан жандардың бірі.

Өлкенің мәдениет саласына еңбегі сіңген қайраткер әкесі Алмажай баласының темір-терсекке үйірлігін байқап жүрсе керек, Әбілқайыр мектеп бітіргеннен кейін заманына лайықты кәсіпті игеруіне жол сілтеп, Ақтау қаласындағы № 5 кәсіптік-техникалық училищеге электргазбен пісіруші мамандығы бойынша оқуға жіберді. Оқуды ойдағыдай аяқтағаннан кейін сол кәсіптен табан аудармай, еңбек етіп келеді. Қазір Жетібай құрылыс-құрастыру қызметінде 5-дәрежелі электргазбен пісіруші. Өмірде өзінің берік ұстанымы бар, ешкімге жалтақтамайтын, сабырлы, жауапкершілігі мол Әбілқайыр қандай тапсырма берілсе де жұмыстан жалтармай, істеген ісін мінсіз орындап келеді.

Қару күшті емес, қару ұстаған күшті болатынындай, ол әртүрлі болаттан, түсті металдар мен қорытпалардан жасалған, динамикалық және дірілдеткіш жүктелімдермен жұмыс істейтін күрделі аппарат, тетік, түйін, құрылғы мен құбырлар, технологиялық құрылымдарды ауыр жағдайларда да қолмен доғалық, плазмалық және газбен пісіруді жүргізеді. Жұмыс барысында бақылау-өлшеу аспаптарын қолданады, пісіру жұмыстары барысында пайда болатын ақауларды анықтайды және жойып отырады. Мұндай жұмыстарды орындау үшін пісірілетін металдар мен қорытпалардың технологиялық қасиеттерін білуі және аса күрделі пісірілетін кеңістіктегі металл құрылымдарының сызбаларын, электр және пісіру мәшинесі, автомат, жартылай автоматтар мен қоректендіру көздерінің сұлбаларын оқи білуі де керек. Сонымен қатар электргазбен пісіру жұмыстарында қолданылатын кескіштер, шілтерлер мен басқа құралдарды бөлшектеу, жөндеу, жинақтау мен сынақтан өткізуді жүргізеді. Оның жұмысы салғырттықты, босаңсуды көтермейді.

Вахта аяқталған соң ауылда күтіп отырған отбасы - зайыбы Шолпан Жұмағалиқызы мен кішкене балапандары Елікке жеткенше асығады. Еңбекке ебі болғанның елдікке себі көп. Қолы ұста, сөзі қысқа Әбілқайыр вахта арасындағы демалыс күндері де қарап жатпай, ауылдастарының сұранымы бойынша ауылдың келбетіне сән беріп тұратын заманға лайықты қақпа, есік, әткеншектер жасауды да қолға алған. Еңбектің көзін тапқан байлықтың өзін табады деген тәмсілді қазақ бекер айта салмаған. Жастайынан темір-болатпен жұмыс істеумен айналысқаннан кейін сүйікті ісінің бүге-шігесіне дейін меңгерген Әбілқайыр Алмажайұлы бесаспап маман, еңбекқор азамат ретінде кәсіпорында үлкен абыройға ие.

**А.Есбосын,**
**«Oil Construction Company» ЖШС**

*Оқу-жаттығу*

# АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ





«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының Жетібай және Қаламқас кенорындарында апаттың алдын алу тақырыбы бойынша оқу-жаттығу жұмыстары өткізілді. Тамыз айының 28-ші жұлдызында ««Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасындағы газ шаруашылығын дайындау тасымалдау және пайдалану цехында «газ құбырын одан әрі жанумен герметизациялау» тақырыбы бойынша, қыркүйектің 11-і мен 22-ші жұлдызы аралығында «жанумен газ құбырын герметизациялаудан босату» тақырыбы бойынша ал, «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасындағы жылу-сумен жабдықтау және кәріз цехы мен маркетинг және мұнай-өткізу департаментіне қарасты Қаламқас және Жетібай кенорындарында орналасқан №1,3 авто жанар-жағар май құю станциясында оқу-жаттығу дабылы өткізілді. Мақсаты - өртке қарсы қызмет нысанында мамандар мен жұмысшы персоналдың, медициналық персоналдың аварияларды жою жоспарын білулерін, сондай-ақ аварияға түскен адамдарды шығару және құтқару, аварияларды жою жөніндегі қабылданатын шешімдердің дұрыстығын анықтау болып табылады.

Аварияға қарсы жаттығулар аяқталғаннан кейін қорытындысы шығарылып, актімен рәсімделді және барлық жұмылдырылған күштер мен құралдар нақты және үйлесімді орындалды. Жалпы жаттығу барысы қанағаттанарлық, аварияларды жою жоспарына сәйкес, еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау талаптарын сақтай отырып, персонал жұмыстарды орындады.

Оқу-жаттығу жұмыстарын өткізу кезінде барлық қауіпсіздік шаралары сақталды және міндеттер қажетті көлемде орындалды. Апатты жою жоспарына сәйкес жұмыс істеу үшін барлық қажетті материалдар толықтай қамтылған.

Атқарылған жұмыс қорытындысы бойынша техникалық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаменті директорының орынбасары Аманқос Мұңғалов басты мақсат - кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен өрт сөндірушілер қызметінің күшін, құралдарын, төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдарға дайындығын тексеру, олардың басқа да тартылған қызметтермен нақты өзара іс-қимылдарын пысықтау екенін атап өтті.

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметінің басшысы Бауыржан Ләтіп ұйымның қауіпсіздік техникасы кез келген тәртіп бұзушылық оқиғаға төзбестікпен қарайтынын, өрескел тәртіп бұзушылыққа жол берген, нәтижесінде жазатайым оқиғаға әкеліп соққан қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәртіптік жаза қолданылатынын алға тартты.





Сонымен қатар әрбір қызметкер ұйымда қолданылатын еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау стандарттарын, нормалары мен ережелерін сақтауды, қасындағы бірге жұмыс жасайтын қызметкерлерден мұны талап етуі тиіс екендігін, бригадаларда жұмыс басталар алдында, жұмыс жоспары талқыланып тәуекелді болдырмауға, алдын алуға жұмыстануды әрі қарай жандандыру керектігін, жұмыс жасау кезінде бригадаға тәжірибелі маманды жауапты етіп, бейресми түрде тағайындауды практика жүзінде одан әрі жалғастыру керектігін айтты.

Бауыржан Ләтіп сөз соңында, әрбір қызметкер жұмыс барысында өзінің және басқа да жұмыскерлердің денсаулығына немесе өміріне қауіп төнетін жағдай туындаған кезде, бұл туралы тікелей басшы немесе жұмыс берушінің өкілін хабардар ете отырып, жұмыс орындаудан бас тартуға құқығы бар екенін ескертті. Сонымен қатар оқыс оқиғалар туралы ақпаратты жасыру қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғаудың өрескел бұзылуы болып есептелінетінін және әр қызметкерді үйінде жанұясы күтіп отырғанын естен шығармау керектігін алға тартты.

**Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметі**



*Ақпарат*

# ТҰМАУҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯ ТУРАЛЫ

Қазақстанда тұмауға қарсы вакцинация басталатынын еске саламыз.

Тұмау - тұмау вирусынан туындаған тыныс алу жолдарының жедел жұқпалы ауруы. Жіті респираторлық вирустық инфекциялар (ЖРВИ) тобына кіреді. Ол мезгіл-мезгіл эпидемия түрінде таралады. Аурудың алдын алудың ең тиімді әдісі вакцинация болып табылады.

Екпелер тіркелген жеріндегі емханаларда жасалады. Емханаға барған кезде пациентті учаскелік дәрігер қарайды, инфекциялық науқастармен немесе коронавирустық инфекциямен ауыратындармен шағымдардың, байланыстардың бар - жоғына сауалнама жүргізіледі, температура өлшенеді. Егер қарсы көрсетілімдер болмаса, пациент тұмауға қарсы вакцинация алу үшін егу кабинетіне жіберіледі. Вакцинациядан кейін, науқас бақылау үшін жарты сағат бойы емханада қалады. Одан әрі учаскелік қызмет екі күн ішінде бейне қоңырау бойынша пациенттің жағдайына бақылау жүргізеді.

ТМККК бойынша тіркелу мәртебесін нақтылау үшін сақтандырылған клиенттер 8 800 080 76 76 телефоны бойынша Медикер бірыңғай колл орталығына жүгіне алады.

Жыл сайын Қазақстанда ЖРВИ - дің 500 мыңнан 1 млн. дейінгі жағдайы тіркеледі, ЖРВИ-мен ауыратындардың негізгі үлесін 14 жасқа дейінгі балалар құрайды - 64,2%. Бұл ретте ағымдағы эпидемиялық маусым COVID-19 бойынша қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты алаңдаушылық туғызады. COVID-19 әлі де тіркелуіне байланысты тұмауға қарсы салыстырулар жасалды. Біріншіден, COVID-19 және тұмау вирустары аурудың ұқсас көрінісіне ие. Яғни, екеуі де тыныс алу ауруын тудырады, бұл асимптоматикалық немесе жеңіл түрлерінен ауыр және өлімге дейінгі көптеген аурулар түрлері. Екіншіден, екі вирус та байланыс, ауа тамшылары арқылы беріледі. Нәтижесінде, қол гигиенасы және тыныс алу этикетін сақтау сияқты денсаулық сақтаудың бірдей шаралары (шынтаққа немесе майлыққа жөтелу және тіннен тез арада құтылу) инфекцияның алдын алуы үшін маңызды.

ЖРВИ (тұмауға ұқсас аурулар) және тұмаудың эпидемиялық маусымы қазан айында басталып, мамырға дейін жалғасады. Алдағы маусымда Қазақстанда тұмау үш штаммның жұмыс істеуімен белгіленеді: А (H1N1) - Гуандун-Маонань, А (H3N2) - Гонконг, сондай - ақ В - Вашингтон, олар ДДҰ ұсынымы бойынша Қазақстанда қолданылатын үш валентті вакцинаның құрамына енгізілді.

Нарықта ресейлік «Гриппол плюс» (ол бюджет есебінен сатып алынған) және нидерландтық «Инфлювак» шығарған үшвалентті вакциналары ұсынылған.

**Вакцинаны халықтың келесі санаттары тегін ала алады:**

- созылмалы аурулары бар 18 жасқа дейінгі балалар;

- медицина қызметкерлері; - жүкті әйелдер (жүктіліктің 2-3 триместрі);

- жабық үлгідегі мекемелердегі адамдар (балалар үйі, жетімдер үйі, мектепинтернат);

- мүгедек ересектер және созылмалы аурулары бар балалар;

- 60 жастан асқан қарт адамдар.



Вакцинация кезінде ағзаға инфекциялық агенттің бөлшегі енгізіледі. Вакцинадағы инфекциялық агент ауруды тудырмайды, бірақ денені антиденелер шығаруға ынталандыруы мүмкін.

**Вакцинацияға қарсы көрсетілімі болатын адамдар тобы бар.**

Егер адамда жедел вирустық инфекция болса - тамақ ауруы, жөтел, дене қызуы болса, онда сіз вакцинация ала алмайсыз! Созылмалы аурулардың өршуі кезінде вакцинадан уақытша бас тарту қажет. Осы және басқа жағдайларда науқастар сауыққаннан немесе созылмалы ауру тұрақты жақсарғаннан кейін вакцинацияланады.

Вакцинацияға қарсы көрсеткіштер - бұл алдыңғы екпелерге, тауық ақуызына және вакцина компоненттеріне аллергиялық реакциялар болып табылады.

**Екпеден бұрын:** вакцинациядан бірнеше күн бұрын вирустық инфекциялардан аулақ болу үшін адамдар көп жиналатын жерлерге бармаңыз. Бірнеше күн бұрын сіз аллергияны тудыруы мүмкін тағамды тамақ рационынан алып тастай аласыз. Сондай-ақ, вакцинациядан бір күн бұрын алкогольді ішу ұсынылмайды.

**Екпеден кейін:** вакцинациядан кейін келесі күні тамақтануды да бақылау керек – цитрустық жемістер, ірімшіктер мен жаңғақтар жеуге қауіпті болуы мүмкін. Күні бойы егу алаңын сулауға және тырнауға болмайды. Температураның жоғарылауына дайын болыңыз. Одан шошудың қажеті жоқ, дене иммунитетті дамытады. Дене қызуын түсіретін дәрі қабылдаудың қажеті жоқ.

**Тұмауға қарсы вакцинация бойынша жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар:**

**1. Тұмауға қарсы кімге егу жасау керек?**

Әркім тұмаумен ауыруы мүмкін, бірақ кейбір адамдарда ауыр аурудың пайда болу қаупі жоғары. ДДҰ егде жастағы адамдарға, жас балаларға, жүкті әйелдерге және денсаулығына байланысты белгілі бір проблемалары бар адамдарға вакцинацияны ұсынады. Бұл топтар тұмаудың ауыр асқынуларының даму қаупіне көбірек ұшырайды, сондықтан көптеген елдерде олар вакцинацияға тиетін басым топтардың бірі болып табылады. Сондай-ақ, медицина қызметкерлері оларды қорғау үшін де, вирусқа осал пациенттерді жұқтыру қаупін азайту үшін де вакцинациялануы керек.

**2. Тұмау шынымен де қауіпті ме?**

Тұмау, әсіресе қарт адамдар, жас балалар, жүкті әйелдер және қант диабеті, жүрек ауруы немесе өкпенің созылмалы обструктивті ауруы сияқты созылмалы аурулары бар адамдар арасында ауыр жағдай мен өлімнің дамуына әкелуі мүмкін. Көптеген елдерде вакцинациямен қамту төмен болғандықтан, әр қыс мезгілінің басталуымен, жоғары қауіпті топтарда, өкінішке орай, тұмаудан жаңа өлім күтуге болады.

**3. Тұмауға қарсы вакцина қаншалықты тиімді?**

Тұмауға қарсы вакцина - тұмаудың алдын алуға және ауыр асқынулар мен тіпті өлім қаупін азайтуға арналған ең жақсы құрал. Әр жылдардағы вакцинаның тиімділігі әр түрлі болуы мүмкін, бұл айналым вирусының түрлеріне және олар-дың вакцина компоненттеріне сәйкестігіне байланысты болады. Сонымен қатар, тиімділік вакцинацияланған адамның денсаулығы мен жасына, сондай-ақ вакцинациядан кейінгі уақытқа байланысты. Орташа алғанда, вакцина 18-64 жас аралығындағы сау ересектерде инфекция таралуының шамамен 60%-ын болдыр-майды. Тұмауға қарсы вакцина вакци-нациядан шамамен 14 күн өткен соң тиімді болады.

**4. Вакцина тұмауды тудыруы мүмкін бе?**

Вакцинаны енгізу тұмауды тудыруы мүмкін емес, өйткені оның құрамында тірі вирус жоқ.

**5. Неліктен әр қыста егуді жасау қажет?**

Тұмау вирустары үнемі өзгеріп отырады және жыл сайын әртүрлі штамдар айналымы болуы мүмкін. Сонымен қатар, вакцинациядан иммунитет уақыт өте келе әлсірейді. Тұмауға қарсы маусымдық вакцинациялардың құрамы жыл сайын осы кезеңде айналымдағы вирустардан ең көп қорғауды қамтамасыз ету үшін жаңартылады.

**6. Тұмауға қарсы екпе жасау қандай уақытқа дейін кеш емес?**

Тұмау маусымы басталғанға дейін егу жасаған дұрыс. Тұмауға қарсы вакцинация науқандары әдетте қазан-қараша айларында, вирустың маусымдық айналымы басталғанға дейін өтеді. Алайда, вирус қазірдің өзінде айналымда болса да, вакцинаны алу ешқашан кеш емес; вакцинация сіздің ауырмау мүмкіндігін арттырады және тұмаудың ауыр зардаптарының қаупін азайтады.

**7.Тұмауға қарсы вакцина қауіпсіз бе?**

Маусымдық тұмауға қарсы вакцина 50 жылдан астам уақыт бойы қолданылып келеді. Вакцинаны миллиондаған адамдар алады және оның қауіпсіздігі уақыт өте келе тексеріледі. Жыл сайын дәрі-дәрмектерді реттейтін ұлттық органдар жаңа вакцинаны лицензия бермес бұрын мұқият зерттейді. Сондай-ақ, елдерде тұмауға қарсы иммунизациядан кейін теріс құбылыстардың барлық жағдайларын бақылау және зерттеу жүйелері бар.

## ХАБАРЛАНДЫРУ






### Құрметті әріптестер!

«Самұрық-Қазына» Қоры жұмыскерлердің еңбек ету шарттарын жақсарту мақсатында жылда сауалнама өткізеді. Карантиндік шектеулерге байланысты осы жылы сауалнама қазан-қараша айларында телефон арқылы жүргізіледі.

Сауалнама жүргізуші Қордың атынан кез-келген жұмыскерге қоңырау шалуы мүмкін. Алайда сауалнама өткізудің ережесіне сәйкес, компанияның шамамен 10% жұмыскеріне ғана хабарласатынын ескертеміз.

Сауалнама анонимді түрде өтеді. Сіздің пікіріңіз еш жерде жарияланбайды және құпия түрде сақталады. Сұрақтарға жауап беру өз еркіңізге байланысты екенін айтқымыз келеді. Алайда Сіздің және ұжымыңыз үшін маңызды шараға немқұрайлы қарамауыңызды сұраймыз. Себебі, сауалнама нәтижесінде жұмыскерлердің еңбек ету шарттарын жақсарту бойынша бірқатар шешім қабылданады.

Еңбек ұжымдарының жұмыс істеу кестесі әртүрлі болғандықтан, сауалнама жүргізушісі жұмыстан тыс уақытта да қоңырау шалуы мүмкін. Оған түсіністікпен қарауыңызды сұраймыз. Сауалнама шамамен 5 минутқа жуық уақытыңызды алады.

Қандай да бір сұрақ туындаса, мына телефон нөмірлеріне хабарласыңыз:

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ӘӘМД ӘМБ – 211861;

«Жетібаймұнайгаз» ӨБ әлеуметтік бөлімі – 213615, 213721;

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ әлеуметтік бөлімі – 214579, 214368.

Сауалнамаға қатысу арқылы игі іске үлес қосасыз деп үміттенеміз.

**Бас директордың әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары** **Ж.Төлеғожаев**




Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: “Маңғыстаумұнайгаз” АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Ғ.Әбдісадық, А.Ақшаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-035, 215-266 212-194, 211-885

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде терiлiп, беттелді.
Индексі: 64265

“ATIS” ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы, 17 ш/а.
тел: 525500